



Транзитті декларацияның құрылымы мен форматының 10-кестесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі № 105 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 74 шешімімен бекітілген транзиттік декларацияның құрылымы мен форматының 10-кестесіне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 18 шілдедегі
№ 105 шешіміне
ҚОСЫМША

Транзиттік декларацияның құрылымы мен форматының 10-кестесіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

21.12.2-позицияда:

а) 6-графада "KZ" елдің коды алып тасталсын;

б) толықтырылсын:

4-графада – "B.048.00562" ереже кодымен;

5-графада – "2" ереже түрімен;

6-графада – "KZ" елдің кодымен;

7-графада – мынадай мазмұндағы ереже сипаттамасымен:

"егер "Транзиттік декларацияда декларацияланатын тауарлардың тағайындалған коды (casdo: Transit Feature Code)" деректемесі мына мәндердің 1-ін қамтитын: "ХПЖ", "ӨЧ" немесе "Тауарларды өткізу түрінің коды (casdo: Transit Procedure Code)" деректемесі "ТР" мәнін қамтитын, "Көлік құралы (casdo: Transport Means Item Details)" деректемесі данасының құрамындағы "Көлік түрінің коды (csdo: Unified Transport Mode Code)" деректемесі "40" мәнін қамтитын, "Тауардың тыйымдар мен шектеулер қолданудан азат болуы белгісі (casdo: Goods Prohibition Free Code)" деректемесі "С" мәнін қамтитын және "Кеден органы және межелі пункт (casdo: Transit Destination Details)" деректемесінің құрамындағы "Кеден органының коды (csdo: Customs Office

Code)" деректемесінің мәні "398" мәнінен басталатын болса, онда "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo: Commodity Code)" деректемесі толтырылмауы тиіс, олай болмаса "Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (csdo: Commodity Code)" деректемесі толтырылған болуы тиіс".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК